

“Жалағаш аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы №29-3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 06 мамырдағы № 44-7 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 5002 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 маусымдағы № 4-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жалағаш аудандық мәслихатының 29.06.2016 № 4-10 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. “Жалағаш аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы” Жалағаш аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 29-3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4620 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 27 наурызда “Жалағаш жаршысы” газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жалағаш аудандық мәслихатының Регламентінде:

7-тармағы жана редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді:

“7. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді”.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жалағаш аудандық
мәслихатының XLIV сессиясының
төрағасы
М. ЕСПАНОВ*

*Жалағаш аудандық
мәслихатының
хатшысы
К. СҮЛЕЙМЕНОВ*